

Евразийский национальный университет
им. Л.Н. Гумилева
Экономический факультет
Кафедра «Государственный аудит»



ТОО «Центр исследований, анализа
и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за
исполнением республиканского бюджета



**«ЦИФРЛЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ДАМУДЫҢ ЖАҢА
ҚАРЖЫЛЫҚ МОДЕЛІ»**

халықаралық онлайн-конференциясының

ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ

17 сәуір 2020 ж.

СБОРНИК ТРУДОВ

международной онлайн-конференции

**«НОВАЯ ФИНАНСОВАЯ МОДЕЛЬ В УСЛОВИЯХ РАЗВИТИЯ
ЦИФРОВОЙ ЭКОНОМИКИ»**

17 апреля 2020 г.

PROCEEDINGS

international online conference

**«A NEW FINANCIAL MODEL IN THE CONTEXT OF THE
DEVELOPMENT OF THE DIGITAL ECONOMY»**

17 April 2020

Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Nur-Sultan, Kazakhstan

УДК 336.11
ББК 65.261

Редакционная коллегия:

Профессор кафедры «Государственный аудит» д.э.н., профессор Сембиева Л.М.
Декан Экономического факультета д.э.н., профессор Макыш С.Б.
Заведующий кафедрой «Государственный аудит» к.э.н., доцент Бейсенова Л.З.
Зав.отделом прикладных научных исследований ТОО «Центр исследований, анализа и оценки эффективности»
Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета, (г.Нур-Султан), к.э.н. Карыбаев
А. А.
Руководитель НОД «Учет, анализ и аудит» АО «Университет НАРХОЗ», (г. Алматы), доктор PhD, к.э.н.,
Джондельбаева А.
Зам.руководителя Департамента «Учета, анализа и аудита» по научной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Петров А.М.
Зам.руководителя департамента «Учета, анализа и аудита» по учебной работе в ФГОБУ ВО «Финансовый
университет при Правительстве Российской Федерации, (г. Москва), д.э.н., профессор Никифорова Е.В.
Доцент Черкасского института Государственного высшего учебного заведения «Университет банковского
дела», (г. Черкассы), к.т.н. Пантелеева Н.Н.
Заведующий кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита в отраслях народного хозяйства» БГЭУ (г.
Минск), д.э.н., профессор Панков Д.А.
Зав. кафедрой «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический
университет» (г. Симферополь), д.э.н., профессор Абдуллаев Р.А.
Доцент кафедры «Бухгалтерского учета, анализа и аудита» ГБОУВО РК «Крымский инженерно-
педагогический университет» (г. Симферополь), к.э.н., доцент Мандражи З.Р.

«Цифрлық экономиканы дамытудың жаңа қаржылық моделі» халықаралық онлайн – конференциясының еңбектер жинағы. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020.

Новая финансовая модель в условиях развития цифровой экономики: Сборник материалов международной онлайн – конференции. – Нур-Султан: Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020.

Proceeding international online conference **«A new financial model in the context of the development of the digital economy»** - Nur-Sultan, L.N.Gumilyov Eurasian National University, 2020.

Халықаралық онлайн-конференциясының еңбектер жинағында азаматтардың табыстылығының кепілі болатын және қазіргі әлемнің сұрауларына жауап бере алатын, цифрлық экономиканы дамыту кезінде жаңа қаржылық моделін жасау бойынша өзекті мәселелер қарастырылған

В сборнике материалов международной онлайн – конференции рассмотрены актуальные вопросы формирования новой финансовой модели, в условиях развития цифровой экономики отвечающей вызовам современного мира и обеспечивающей залог успешности государства через повышение благосостояния граждан.

Materials of the international online conference address the current issues of a new financial model in the context of the development of the digital economy responding the modern world challenges and providing a key to success of the state in increasing the welfare of citizens

УДК 336.11
ББК 65.261

ISBN 978-601-337-321-8

© Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2020
© Евразийский Национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2020
© L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2020

МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНДАР ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫ

Джаксылыкова Д.Б.

«6M052100 - Мемлекеттік аудит» БББ 2-курс магистранты
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,
Қазақстан Республикасы
E-mail: jaxylykovadana@gmail.com

Ғылыми жетекшісі: Алибекова Б.А., э.ғ.к., доцент

Аннотация: Мемлекеттік аудитті мемлекеттік басқару жүйесіне енгізу мақсатында елімізде қолданыста болған қаржылық бақылау жүйесі реформалауға ұшырады. Осыған орай мемлекеттік аудитті қаржылық бақылаумен интеграциялау нәтижесінде жаңа мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі қалыптасты. Бұл мақалада Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдар жүйесінің ұйымдастырылуы, яғни мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жіктелуі, әр органның мемлекеттік аудит типіне байланысты құзыреттіліктері, органдардың бюджет деңгейіне байланысты жіктелуі қарастырылған. Сонымен қатар, бұл мақалада шетелдік және отандық ғалым экономистер ұсынған мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесін және мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесін ұйымдастырудың балама тәсілдері қарастырылды.

Түйін сөздер: мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау жүйесі, мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесі, сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары, тиімділік аудиті, сәйкестік аудиті, қаржылық есептілік аудиті.

Аннотация: В целях внедрения государственного аудита в систему государственного управления существующая на тот момент система финансового контроля в стране была подвергнута реформированию. В результате интегрирования государственного аудита с финансовым контролем была построена новая система государственного аудита и финансового контроля. В данной статье была рассмотрена организация системы органов государственного аудита и финансового контроля, то есть классификация органов государственного аудита, компетенции каждого органа в зависимости от типа государственного аудита, классификация органов в зависимости от уровня бюджета. Также в данной статье были рассмотрены альтернативные способы организации системы государственного аудита и финансового контроля и системы органов государственного аудита и финансового контроля представленные зарубежными и отечественными учеными экономистами.

Ключевые слова: система государственного аудита и финансового контроля, система органов государственного аудита и финансового контроля, органы внешнего государственного аудита и финансового контроля, органы

внутреннего государственного аудита и финансового контроля, аудит эффективности, аудит соответствия, аудит финансовой отчетности.

Annotation:In order to introduce state audit into the public administration system, the existing financial control system in the country was reformed. As a result of integrating state audit with financial control, a new system of state audit and financial control was built. This article discusses the organization of the system of state audit and financial control bodies, including the classification of state audit bodies, the competence of each body depending on the type of state audit, and the classification of bodies depending on the level of the budget. This article also discusses alternative ways of organization the system of state audit and financial control and the system of state audit and financial control bodies presented by foreign and domestic academic economists.

Keywords:system of state audit and financial control,system of state audit and financial controlbodies, bodies of external state audit and financial control, bodies of internal state audit and financial control, performance audit, compliance audit, audit of financial statements.

Қазіргі таңда еліміздің нормативті-құқықтық құжаттарының талаптарына сәйкес қаржылық бақылау жүйесін кезең-кезеңмен реформалау нәтижесінде мемлекеттік аудит органдарының жаңа жүйесі қалыптасқан [1;2;3]. Жүйе ішкі және сыртқы мемлекеттік аудит органдарын қамтиды(Сурет-1).



Сурет-1. Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жүйесі [3]


Ғылыми әдебиетті зерделеу, мемлекеттік аудит органдар жүйесіне біріңғай көзқарас қалыптаспағандығын анықтады. Мысалы, Степашин С.В., Двуреченских В.А., Чегринец Е.А., Чернавин Ю.А., Кари А.М. сияқты шетелдік және отандық ғалым-экономисттер мемлекеттік аудитті сыртқы және ішкі аудитке бөлуді қисынсыз, сонымен қатар «ішкі аудит» ұғымын экономиканың мемлекеттік секторында пайдалану орынсыз деп есептейді[4;5;6]. Олардың

пайымдауынша «сыртқы мемлекеттік аудит» ұғымын мемлекеттік аудит, ал «ішкі мемлекеттік аудит» ұғымын мемлекеттік қаржылық бақылау ұғымымен алмастыру қажет. Осы орайда, отандық ғалым-экономист Кари А.М. мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдар жүйесі «сыртқы мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары» және «ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары» ретінде емес, ал мемлекеттік аудит қызметін атқаратын және мемлекеттік қаржылық бақылау қызметін атқаратын органдары ретінде жіктелуі тиіс деп санайды. Сол себепті Кари А.М. жоғарыдағы суретте көрсетілген мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жіктелуін қайта қарастырып, мемлекеттік аудит қызметін атқарушы органдар ретінде Есеп комитеті мен Тексеру комиссияларын, ал қаржылық бақылау органдары ретінде ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті орган және оның құрылымдық бөлімшелерін тағайындау керек деп санайды. Бұл пайымдауды Кари А.М. ішкі мемлекеттік аудит жөніндегі уәкілетті органы, яғни Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің (бұдан әрі – ҚР ҚМ ІМАК) мысалында қарастырады. Бұл Комитет атқарушы органдарының, яғни Қаржы министрлігінің құрылымдық бөлімшесі болғандықтан атқарушы билікке жатады, Комитет Төрағасын Қаржы министрі тағайындайтындықтан атқарушы билікке есепті болады және де Комитет қызметінің нәтижелері басқарудың тиімділігін арттыруға бағытталғандықтан атқарушы биліктің мүддесінде әрекет етеді. Осыған орай ғалым басқару жүйесіне есеп беретін және соның құрамына кіретін, меншік иелеріне (халыққа) тікелей заңды қатысы жоқ институт ішкі аудит органы ретінде қарастырылуы мүмкін емес деп қорытындылайды.

Алайда, мемлекеттік аудиттің сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит болып жіктелуі жалпы әлемдік тәжірибе. Сонымен қатар мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының сыртқы және ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары ретінде бөлінуі мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді пайдалану және көп жағдайларда органдардың функцияларының қайталануын болдырмайды. Сол себепті, біз мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жоғарыда көрсетілген суреттегі жіктелуі орынды деп санаймыз.

Мемлекеттік аудит органдардың құзыреттіліктері заңнамалық құжаттарда мемлекеттік аудиттің 3 типіне байланысты бөлініп қарастырылған (Сурет – 2).


ҚР Заңына сәйкес Есеп комитетінің және Тексеру комиссияларының тиімділік аудитін жүргізудегі құзыреттіліктері ұқсас. Бірақ Тексеру комиссиялары акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың даму стратегиялары мен даму жоспарларының іске асырылуына тиімділік аудитін Есеп комитеті сияқты жүргізбейді.



Сурет – 2. Мемлекеттік аудит типіне байланысты мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдар құзыреттіліктері

Сонымен қатар, тек Есеп комитетінің құзырыттылігіне мемлекеттік төтенше бюджеттің атқарылуына, ҚР-ның Ұлттық қорын қалыптастыруына және пайдалануына, ҚР Ұлттық Банкінің активтерін ҚР Президентінің келісімімен немесе оның тапсырмасы бойынша ғана пайдалануына сәйкестік аудитін жүргізу жатады. Ал ішкі аудит қызметтеріне тоқталатын болсақ, оның басқа мемлекеттік аудит органдарынан ерекшелігі құзыреттіліктері шектелмегенінде және аудиттің барлық типтерін жүргізуде.

Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдары функцияларының қайталануын болдырмау мақсатында органдардың қызметтері бюджет деңгейлеріне сәйкес бөлінген (Сурет – 3).



Сурет – 3. Бюджет деңгейлеріне байланысты мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарының жіктелуі [7]

Алайда Алибекова Б.А, Бейсенова Л.З. өткізген зерттеулеріне сәйкес мемлекеттік аудит органдар функцияларының қайталануын толық болдырмауға қол жеткізілмеген [8]. Ғалымдар мысал ретінде ҚР ҚМ ІМАК-нің қызметін қарастырады. Олар ҚР ҚМ ІМАК республикалық және жергілікті бюджет басқаруында, бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің қаржылық есептілік аудитін жүргізуінде Есеп комитетінің және Тексеру комиссияларының қызметтерін қайталайды деген қорытындыға келді.

Сәйкестік аудитіне тоқталатын болсақ, әлемдік тәжірибеде сәйкестік аудиті көбінесе бөлек қарастырылмайды, қаржылық есептілік аудиті немесе тиімділік аудиті шегінде өткізіледі. Оның себебі мемлекеттік аудит объект қызметінің сәйкестігін тексеру қаржылық есептілік аудиті мен тиімділік аудитінің құрамдас элементі болып табылады. ҚР «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңында Есеп комитеті және Тексеру комиссиялары жүргізетін сәйкестік аудитінің бір бағыты ретінде мемлекеттік аудит объектілерінің бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау анықтығын және дұрыстығын тексеру болып табылады. Бірақ мемлекеттік аудит объектілерінің қаржылық есептілігінің, бухгалтерлік есебінің анықтығын және негізділігін бағалау және тексеру қаржылық есептілік аудитінің міндетіне жатады. Сол себепті, біз сәйкестік аудиті бойынша мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарымен атқарылатын

қызметтерін қайта қарастыру керек деген ойдамыз.

Елімізде мемлекеттік аудитті ұйымдастыруында әлі де тұжырымдамалық мәселелердің бар болуын байқаймыз. Бұл мәселелерді шешу елдің дамуында үлкен маңызға ие.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 2 қарашадағы халық Жолдауында Есеп комитетінің алдына келесідей міндеттерді қойды[9]:

1. Квазимемлекеттік сектордың қайтарымын арттыру. Есеп комитеті Үкіметпен бірлесе отырып, мемлекеттік компаниялардың санын азайту мақсатында мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың қызметтерін талдап, олардың тиімділігін анықтау қажет.

2. Шағын және орта бизнесті, инфрақұрылымды дамыту. Осыған орай Есеп комитеті мен Қаржы министрлігі, Есеп комитеті мен ҚР Үкіметі алдында бюджет қаражаттарының тиімді пайдалануын бақылау және қамтамасыз ету міндеттері қойылды.

3. Инфрақұрылымды дамыту мақсатында Есеп комитеті ҚР Үкіметі мен Парламентпен бірлесе отырып бюджет қаражаттар пайдалануының абсолюттік тиімділігін қамтамасыз етуін міндеттенді.

Бүгін мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау органдарына үлкен үміт артылып, олардың алдына елдің дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыруымен байланысты маңызды міндеттер қойылды.

Әдебиеттер

1 «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылдың 14 желтоқсандағы Жолдауы – www.akorda.kz (ақпарат өңделген күн – 14.12.2019 ж.);

2 Қазақстан Республикасында мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 қыркүйектегі № 634 Жарлығы– <http://adilet.zan.kz> (ақпарат өңделген күн – 14.12.2019 ж.);

3 Қазақстан Республикасының 12.11.2015 ж № 392-V «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңы– <http://adilet.zan.kz> (ақпарат өңделген күн – 14.12.2019 ж.);

4 С.В. Степашин. Конституционный аудит. Москва. Издательство Наука 2006 – 816 с.

5 Двуреченских В.А., Чегринец Е.А., Чернавин Ю.А. Основы государственного аудита. М.: Финансовый контроль, 2004 – 289 с.

6 А.М. Кари. Анализ процесса формирования системы государственного аудита в Казахстане на современном этапе//Государственный аудит. 2017, №2 (35) – 34-39 с.

7 Алибекова Б.А., Мұхаметкәрім А.М., Тажикенова С.К., Нурхалиева Д.М., Зейнельгабдин А.Б., Ногербеков С.Н., Туребекова Б.О., Макыш С.Б.,

Карыбаев А.К. Мемлекеттік аудит: Оқулық/Жаңбыршин К.Е. редакциясымен – Астана: Л.Н.Гумилева ат. ЕҰУ, 2018 – 360б.;

8 Алибекова Б.А., Бейсенова Л.З. Государственный аудит: теория, методология и практика. А-44 [монография]. – Нур-Султан: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. – 185с.

9 «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» *Қазақстан Республикасы Президентінің 2019 жылдың 2 қыркүйектегі* Жолдауы – www.akorda.kz (ақпарат өңделген күн – 15.12.2019 ж.)

ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ФИНАНСОВЫЙ КОНТРОЛЬ КАК СРЕДСТВО ПРЕДУПРЕЖДЕНИЯ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ПРЕСТУПЛЕНИЙ В СФЕРЕ УПРАВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОЙ СОБСТВЕННОСТЬЮ

Джапарова Э. Н.

студентка 4 курса, направление подготовки «Экономика»

профиль «Бухгалтерский учет, анализ и аудит»

dzhaparova.elnara@mail.ru

Научный руководитель: к.э.н., доц. Мандражи З. Р.

ГБОУВО РК «Крымский инженерно-педагогический университет»

Республика Крым, г. Симферополь

Аннотация: В статье исследуются вопросы экономических преступлений в сфере управления государственной собственностью, и приводится ряд мер по совершенствованию государственного финансового контроля.

Ключевые слова: Финансовый контроль, коррупция, государственная собственность, управление.

При построении экономических отношений между хозяйствующими субъектами формы собственности являются определяющими.

Существует множество определений понятия собственности. Рассмотрим обобщенное понятие собственности, данное Н.Н. Алексеевым, согласно которому собственность – это отношение между людьми, при котором праву собственника на господство и распоряжение над встречающимися в ограничении и не принадлежащими к высшим ценностям предметами соответствует универсальная обязанность других людей терпеть власть собственника и не вмешиваться в ее определенные проявления» [3, с. 91].

Из этого следует, что при приобретении права собственности одновременно возникают и обязанности как со стороны собственника, так и со стороны других членов общества.

Так, в Конституции РФ закреплено, что «в Российской Федерации признаются и защищаются равным образом частная, государственная, муниципальная и иные формы собственности», а также установлено, что «земля и другие природные ресурсы используются и охраняются как основа